



2021 жылғы 23 желтоқсан 276/5

### Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 3 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының елді мекендерінің әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңының 17-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 27 маусымдағы «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың құрылымы туралы» Заңының 203/6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 232/5 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудандық коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері, сондай-ақ олардың ведомствоға бағынысты ұйымдары мүліктік ешендер ретінде қабылдансын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері Павлодар облысы білім беру басқармасының қарамағына оның аумақтық органдары ретінде берілісін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес коммуналдық заңды тұлғалар аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдерінің қарамағына олардың ведомствоға бағынысты ұйымдары ретінде берілісін.

4. Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес 1-тармақта көрсетілген білім беру саласындағы мемлекеттік заңды тұлғалар қайта аталсын.

5. «Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі, аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдері;

аудандар мен қалалардың білім беру бөлімдерінің ережелері мен құрылымдарын бекіту жөнінде шаралар қабылдасын;

осы қаулының 3-тармағында көрсетілген коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларын «Павлодар облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бекітуге енгізісін;

мыналарды:

мемлекеттік заңды тұлғаларды заңнамада белгіленген тәртіппен аумақтық әділет органында қайта тіркеуді;

«Павлодар облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне отыз күндік мерзімде заңды тұлғалардың мүлкін қабылдау-тапсыру актілерін бекітуге ұсынууды;

мүлікті уәкілетті органда тіркеуді;

қабылданған мүлікті Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізуді қамтамасыз етсін.

6. «Павлодар облысының білім беру басқармасы», «Павлодар облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А. Құрмановаға жүктелсін.

Облыс әкімі

Ә. Сқақов





